



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XIII Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»

The XIII International Scientific Conference
for Students and Young Scientists
«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»



12th April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2018»
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS
of the XIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2018»**

2018 жыл 12 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-997-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2018

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БАЛА ҚҰҚЫҒЫН ҚОРҒАУДАҒЫ
МЕМЛЕКЕТ МЕХАНИЗМІ****Қызылкулова Айдана Маратқызы**Aidanakyzykul@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті,
Заң факультеті, Халықаралық құқық мамандығының магистранті,
Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – А. Сабыров

Қазақстан Республикасында бала құқықтары мен бостандықтарының халықаралық қауымдастықтың осы саладағы алға қойған мақсаттары мен қағидаларына сәйкес келетін, бала құқықтарын толыққанды қамтамасыз етуді бірден-бір маңызды күнтізбе мақсаттарына белгілейді. Осыған дәлел ретінде, мәселен, Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 6 наурыздағы «Дағдарыс арқылы жаңарту мен дамуға жол» атты Жолдамасы, жалпы қоғамның жағдайын, соның ішінде бала құқықтарын жаңартуға қатысты белгіленген болатын. Бала құқықтары мен бостандықтарын қорғаудағы негізгі құқықтық өлшемдер мен нәтижелер Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрлігінің 2010-2014 жылғы Стратегиялық жобасында белгіленген. Бала құқықтары мен бостандықтарын әлеуметтік және құқықтық кепілдіктермен қамтамасыз етуде Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 2 ақпандағы «Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгертулер енгізу» туралы №103 Жарғысын атап өткен жөн. Бұл Жарғыға сәйкес, бала құқықтары бұзылған жағдайлар санын азайтуға негізделген республиканың 11 аймағында облыстарда, Астана мен Алматы қалаларының білім беру мекемелеріне 368 қосымша мамандармен қамтамасыз ету көзделген болатын. 2009 жылы желтоқсан айында аймақтарда 167 мамандар енгізілді. 2007 жылы Қазақстанның барлық аймақтарында бала құқықтарына психологиялық, ақпараттық және заңнамалық көмек беретін қорғау Департаменттері құрылған болатын. Жалпы бала құқықтары мен бостандықтарына қатысты Қазақстан Республикасы Конституциясының ережелерінде толығымен белгіленген. Бала құқықтары мәртебесінің конституциялық-құқықтық негіздері жекеленіп көрсетілмесе де, олар азамат мәртебесінің конституциялық-құқықтық негізгі ережелерімен реттеледі. Азаматтың құқықтық мәртебесі деп оның белгілі бір құқықтық қарым-қатынастарға түсетін кездегі бірқатар құқықтар жиынтығы түсіндіріледі. Бұл түсінік «құқық субъектілік» ұғымымен сәйкес келеді. Бала құқықтарының конституциялық-құқықтық мәртебесі, оның Қазақстан Республикасы Конституциясы, конституциялық заңнамалар, Қазақстан Республикасының ұлттық заңнамалары, және басқа да нормативтік құқықтық актілермен белгіленген бала құқықтары, міндеттемелері және бостандықтарының жиынтығы жатады.

Қазақстан Республикасының БҰҰ-ның Бала құқықтары туралы Конвенцияны 1994 жылы 8 маусымда Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесінің қаулысымен ратификациялаған, онда баланы өзіндік құқықтары мен міндеттемелері бар жеке тұлға ретінде көрсетеді. Бұл жерде «әрбір адам баласы 18 жасқа толғанға дейін, егер осы балаға қолданылатын заң бойынша ол кәмелеттік жасқа бұрынырақ толып қоймаса, бала болып саналады» делінген [1]. Сонымен қатар, балаға қатысты қандайда бір кемсітушілік нысандарын болдырмау, жалпы конституциялық құқықтың бірден-бір негізгі мақсаттары болып табылады.

Бала құқықтары мен бостандықтарын қорғауда Қазақстан Республикасы алдымен, Конституцияға, бала құқықтарына қатысты нормативтік құқықтық актілермен, соның ішінде Қазақстан Республикасындағы Бала құқықтарын қорғау туралы Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы Заңына негізделеді. Ұлттық саясаттың бала құқықтарына қатысты негізгі мақсаттарына бала құқықтарын қандай да болсын кемсітушілікті болдырмау, олардың құқықтық мүдделерін толыққанды қамтамасыз ету, бала құқықтары бұзылған жағдайда

бұлжытпай қалпына келтіруді қамтамасыз ету, бала құқықтарына қатысты тиісті органдар мен ұйымдарды құру, баланың интеллектуалды, рухани, физикалық және моралді дамуына ықпал ету, балаға деген патриоттық, азаматтық, және бейбітшілік сезімдерді тәрбиелеу негіз болып келеді [2]. Өз кезегінде мемлекеттік саясат бала құқықтарын қалыптастыруды мақсатқа алған мемлекеттік органдарды көпжақты қолдауға ықпал етеді. Сонымен қатар, осындай бағыттағы қоғамдық бірлестіктердің, ұйымдардың балалар мүддесіне қатысты қызметтерін ынталандырады.

Қазақстан Республикасындағы балаларға арналған мемлекеттік саясат әлеуметтік-экономикалық және саяси міндеттерін жалпы бала, отбасылық және ана болу қоғамының кепілді қорғауын қамтамасыз етіп келеді. Өз кезегінде, 2015 жылдың 1 қаңтарынан бастап Қылмыстық кодекстің жаңа редакциясы күшіне енді. Онда балаларға қандай да бір зорлық-зомбылық және экономикалық пайдалану, адам ұрлау және адам саудасына қатысты қылмыстық жауапкершілік жүктелді [3]. Атап айтқанда, заңсыз асырап алу әрекеті, кәмелетке толмаған адамды Қазақстан Республикасының шегінен тысқары жерге заңсыз әкету мен кәмелетке толмағандарды эротикалық мазмұндағы өнімдерді өндіруге тарту үшін қылмыстық жауапкершіліктер көзделген баптармен толықтырылды. Сонымен қоса, 2015 жылдан бастап бала құқықтары мен бостандықтарының сақталуын қамтамасыз ететін нақты нормалары бар жалпы және ерекше сипатта болатын нормативтік-құқықтық құжаттарға қол қойылды. Мәселен, мүгедек адамдардың құқықтары мен негізгі бостандықтарын толық және тең дәрежеде жүзеге асыруға жәрдемдесу және оларды қамтамасыз етуді мақсат еткен 2006 жылғы 13 желтоқсанда Нью-Йоркте БҰҰ Бас Ассамблеясымен қабылданған Мүгедектердің құқықтары туралы конвенцияны ратификациялауы [4], сонымен қатар, Еңбек, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, отбасы және бала, денсаулық сақтау, мәдениет, дене шынықтыру мен жалпы спорт саласындағы ең төменгі әлеуметтік стандарттар жүйесінде туындайтын қарым-қатынастарды реттейтін «Ең төменгі әлеуметтік стандарттар және олардың кепілдіктері туралы» ҚР 2015 жылғы Заңы, және «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мүгедектердің құқықтарын қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу» туралы 2015 жылғы 3 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңдарын атап кеткен жөн.

Қазақстан Республикасында жалпы адам құқықтары мен бостандықтарын қорғауда Адам құқықтары жөніндегі Уәкілділік (Омбудсмен) орын алып келеді және ол халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыруда ұлттық құқық қорғау мекемесінің қызметін маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Омбудсмен бала құқықтары мен бостандықтарын қалыптастыруда бірқатар халықаралық ұйымдармен, атап айтқанда, Біріккен Ұлттар Ұйымының Балалар қоры (ЮНИСЕФ), Еуропалық Одақ және Халықаралық түрме реформасы және басқа ұйымдар ынтымақтастық орнатып келеді. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 13 қаңтардағы N36 қаулысына сәйкес Балалардың құқықтарын қорғау комитеті (Уәкіл) құрылды. Баланың құқықтары жөніндегі уәкіл институтын Қазақстан Республикасының Президенті құрылып, ол өз қызметін балалардың құқықтары мен заңды мүдделерінің кепілдіктерін қамтамасыз етуге, мемлекеттік және қоғамдық институттармен өзара іс-қимыл жасай отырып, балалардың бұзылған құқықтары мен бостандықтарын қалпына келтіру мақсатында қоғамдық негізде жүзеге асырады. Балалардың құқықтарын қорғау уәкілінің негізгі ұстанымдары мен мақсаттары: тұлғаның адамгершілік-рухани дамуын қалыптастыру, жалпыотбасы құндылықтарын насихаттау, бала құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға қатысты мәселелерді қоғам арасында жария ету; мемлекеттік әлеуметтік саясат саласында бала мүдделерін ескере отырып заңнамаларды жетілдіру; әлеуметтік жетімдіктің алдын-алу және төмендету, жетім және ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды деинституционализациялау стратегиясын іске асыру; кәмелетке толмағандар арасындағы суицидтік мінез-құлықты, қатыгездікті, жалпы зорлық-зомбылықты, бала еңбегін қанауды, қадағалаусыздықты, панасыздықты, алдын алу; және мүдделі мемлекеттік

құрылымдар, жергілікті атқарушы органдар, үкіметтік емес қоғамдық ұйымдар арасында ведомстворалық өзара әрекет етудің тиімді жүйесін құру болып табылады [5].

Бүгінгі күнде қазақстандық білім жаңғырту сатысында орын алып келеді. Оның басты мақсаты азаматтардың конституциялық құқықтарын, бостандықтары мен мүдделерін білім беру саласында сенімді қамтамасыз ету және білім беру жүйесін жеке адамның, қоғамның және мемлекеттің қажеттіліктеріне сәйкес келтіру болып табылады. Осыған байланысты, Білім беру саласының негізгі мақсаты Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспарында, «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңында, 2011-2020 жылдарға арналған білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасында белгіленді.

Сондай-ақ, өз кезегінде мульти-индикаторлық кластерлік сауалнаманың (ЮНИСЕФ әзірлеген үй шаруашылықтарын зерттеудің халықаралық бағдарламасы) Қазақстанда 2015 жылы жүргізілген көптеген көрсеткіштер бойынша кластерлік зерттеу келесі міндеттерді: алдымен, Қазақстан Республикасында балалар мен әйелдердің жағдайын бағалау үшін қажетті ақпаратты ұсыну; балаларды қорғау мен ана болудың ұлттық стратегияларын жетілдіруге көмектесетін ақпарат жинау; халықтың осал топтарының әлеуметтік интеграциясына бағытталған дәлелді саясатты дамытуды қамтамасыз етуде теңсіздікті анықтау үшін бөлінбеген деректерді жинау; Қазақстан Республикасында деректер мен мониторинг жүйелерін жетілдіруге және қолда бар деректерді тереңірек талдау үшін осындай жүйелерді әзірлеуге және енгізуге техникалық сараптаманы күшейтуді қамтыды [6].

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мигрант деп танылған балаларға білім алуға, Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын балалардың құқықтарымен бірдей құқықтар беріледі. 2014-2015 оқу жылында 3031 мигрант бала оқуға қабылданды. Сондай-ақ, Қазақстанда 2014 жылдың 1 қаңтарына 18 жасқа дейінгі мүгедек балалар саны 69111 адамды құрайды [7]. Мүгедек балаларды әлеуметтік қорғау және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау Қазақстан Республикасының «Мүгедек балаларға әлеуметтік және медициналық педагогикалық түзетуді қолдау туралы», «Арнайы әлеуметтік қызметтер туралы» және «Қазақстан Республикасындағы мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы» заңдарына сәйкес жүзеге асырылады. Сонымен қоса, бала құқықтарын қамтамасыз етуде бірден бір міндеттері - Қазақстан Республикасының бастауыш, орта, жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары оқытушыларды тәрбиелеу және әлеуметтендіру бағдарламаларын іске асыру болып табылады. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі қосымша білім беру жүйесін дамыту бойынша 3 стратегиялық міндеттерді анықтады, олар жүйенің нормативтік-құқықтық базасын жетілдіру және мазмұнды жаңарту, қосымша білімге қабылдауды 2015 жылы 50% -ға дейін арттыру, мектеп оқушыларын демалыс сағаттағы және жаз мезгілінде жұмысқа орналастыруды ұйымдастыру болды. Сонымен қоса, 2011-2015 жылдарға арналған «Саламатты Қазақстан» денсаулық сақтауды дамытуда мемлекеттік бағдарламасы қол жетімді, сапалы, әлеуметтік бағдарланған және экономикалық тиімді денсаулық сақтау жүйесін дамытуға бағытталған қажетті шаралар кешенін анықтады.

Қорытындылай келе, жалпы халықаралық қауымдастық секілді Қазақстан Республикасы үшін де балалардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау мәселесі өте өзекті екендігіне көз жеткізуге болады, және осыған қарай бірқатар ұлттық заңдар, нормативтік құқықтық актілер мен бағдарламалар жүргізу әрекеттері арқылы атамшыл құқықтардың орындалуына үлесін қосып келетініне көрініс табуға болады. Бала құқықтары мен заңды мүдделеріне қатысты алға қойған мақсаттармен қатар, Қазақстан Республикасының мемлекеттік механизмдерінің нәтижелік қызметтері болашақ осы бағытты ерекше назарға алуына жол ашып, кемшіліктерді ескеріп, халықаралық қауымдастық алдында осы салада өзіндік қолжеткізген жұмысын көрсетіп келеді.

Қолданылған әдебиеттерімі:

1. Бала құқықтары туралы Конвенцияны ратификациялау туралы. Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесінің 1994 жылғы 8 маусымдағы қаулысы.
2. Правовые основы ювенальной юстиции в Казахстане: теория и практика. Монография. Караганда, 2016. Стр.28.
3. Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексі. 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V ҚРЗ.
4. "Мүгедектердің құқықтары туралы конвенцияны ратификациялау туралы". Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 9 желтоқсандағы № 1282 қаулысы.
5. ҚР Білім және ғылым Министрлігі. Балалардың құқықтарын қорғау комитеті. Ресми парақша: <http://www.bala-kkk.kz/kk/node/510>
6. Казахстан. Кластерное обследование по многим показателям 2015. Заключительный отчет/декабрь 2016 г. Стр.44
7. Доклад о положении детей в Республике Казахстан. Астана, 2014 год. Стр.48

УДК 341.1/8

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖАРИЯ ҚҰҚЫҚТАҒЫ АДАМ ҚҰҚЫҒЫ

Қытайбекова Айгерім Қабыланқызы

Aigera_23.98@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Заң факультеті

Халықаралық құқық мамандығы

Мпк-21 тобының студенті. Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекші: Сейдеш Б.Б.

Аңдатпа. Адамдардың әрбір ұрпағы өздерінің ұлы қазыналарын, яғни құқықтары мен бостандықтарын әрқашанда белсенді түрде қорғап, сендіру керек. Республикада адам әдет-ғұрпын, құқықтары мен бостандықтарын бағалау әлі де жеткіліксіз. Сондықтан да адам құқықтарын ұлы қазына ретінде тек қана сөз жүзінде ғана емес, іс жүзінде басшылыққа алуға әлі көп уақыт керек.

Аннотация. Каждое поколение людей активно должны защищать свои права, свободу и убеждения. В нашей Республике недостаточно оцениваются обычаи, права и свобода человека. Так что, руководствоваться правами человека нужно не на словах, а на практике, но для этого необходимо еще много времени.

Түйін сөз: Адам құқықтары, халықаралық құқық, декларация, жарғы, комиссия, конвенция, заң, билль.

Адам құқықтары - халықаралық құқықтың саласы, негізгі азаматтық, саяси, экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар мен адам бостандығын қалыптастыратын нормалардың жиынтығын және жеке құқықтар мен бостандықтардың дұрыс орындалуын көздейтін құқықтық ұйымдастыру тетіктері.

Халықаралық құқықтың бұл саласының өзгешелігі – дүние жүзі қауымдастығының адам құқықтары мен бостандықтары бұзылған жағдайда мемлекеттің ішкі жұмысына араласа алуы. Әмбебап сипаттағы көпжақты келісімдер, аймақтық келісімдер екіжақты келісімдер халықаралық әдет-ғұрыптар адам құқықтарымен бостандықтарын қамтамасыз ету мәселесі бойынша тікелей немесе жанама мамандандырылған халықаралық ұйымдардың шешімдері халықаралық құқықтың қайнар көзі болып табылады.

Гуманистік игіліктің алтын қорына енген адам құқықтары тұңғыш рет Ұлы бостандық хартиясында (1215 ж.) Мазмұндалып, ағылшындардың құқықтар туралы билльмен (1689 ж.), Егемендік декларациясымен (1776 ж.), американдықтардың Құқықтары туралы билльмен және адам мен азаматтардың құқықтары декларациясымен дамытылды. Бұл игіліктердің генезисін көре тұра, адамдардың табиғи құқықтарын оқып зертеуге талпыныс